



ТҮРПАТЖ- ҚАЗАЛЫ

№42
(2420)
Сенбі
13 маусым
2026 жыл
Газет
2003 жылдың
5 қаңтарынан
шығады



Аймақтық
ақпараттық-
танымдық
басылым


ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСЫНА ТАРАЙТЫН ГАЗЕТ

АУДАН ӘКІМІ «БОЗКӨЛ», «КӘУКЕЙ» ЖӘНЕ «ТАСАРЫҚ» АУЫЛДАРЫНЫҢ ТҮРҒЫНДАРЫМЕН КЕЗДЕСТІ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Әкімдердің халықпен кездесулерін өткізу туралы» Жарлығына сәйкес аудан әкімі Алмасбек Есмаханов «Бозкөл», «Кәукей» және «Тасарық» ауылдарының тұрғындарымен кездесті.

Елді мекендердің тұрғындарымен кездесуге аудан басшысымен бірге «AMANAT» партиясы аудандық филиалының Атқарушы хатшысы Нұрғиса Жалғасбаев, аудандық мәслихаттың депутаты Райымбек Белебаев, Күншығар Әбілов, аудандық полиция бөлімінің бастығы Нұрлан Ибраев және бірқатар бөлім басшылары қатысты.

Тұрғындармен өткен кездесулерде аудан әкімі Президентіміздің, Үкіметтің және аймақ басшысының қолдауымен аудан халқының игілігіне бағытталған жобалардың жүзеге асырылу барысы, алда жоспарланған жұмыстар жайында ай-



тып өтті. - 2026 жылға аудан бюджетінің көлемі 13,6 млрд. теңге болып бекітіліп, бүгінгі күнге 14,2 млрд. теңге болып нақтыланды. Оның ішінде, өз кірістеріміздің жоспары 4,3 млрд. теңгеге нақтыланды. Биыл жылдың басында Нұрлыбек Машбекұлының қолдауымен Бекарыстан би аулында жаңа спорт кешені ел игілігіне берілсе, жуық арада Әйтеке би кенті мен Қожабақы ауылдарында да жаңа спорт кешендері

пайдалануға берілмек. Биыл аудандағы ең ауқымды жобалардың бірі «Қарлаң» көпірінің құрылысы қарқын алып, Жанқожа батыр, Бекарыстан би, «Майдакөл» және Ү.Түктібаев аулдарына орамшілік газ желілері жүргізілуде. Бұдан бөлек, аудан орталығындағы теміржол вокзалы ғимараты қайта жаңғыртылып, вокзал аумағы абаттандырылды. Аудан орталығы мен елді мекендерде кезең-кезеңімен жол инфрақұрылымын жақсарту жұмыстары

жүргізілуде. Бүгінде аудан халқы 100 пайыз таза ауыз сумен қамтылып, елді мекендердегі тозығы жеткен электр желілерін жаңғырту жұмыстары да кезектілікке сәйкес жүргізіліп келеді. Алдағы уақытта аймақ басшысы Мұрат Нәлқожаұлының басшылығымен, аудан халқына деген үлкен қолдауымен ел игілігі жолындағы жүзеге асырылып жатқан жобаларды нәтижелі аяқтауға жұмыс істейтін боламыз, - деді аудан басшысы.

сы «кәукейліктердің» өтінішіне сәйкес тиісті сала мамандарына алдағы уақытта көпірге жөндеу жұмыстарын жүргізу үшін жобасметалық құжаттарын әзірлеп, ұсыныс беруді тапсырды. Ал, орман шаруашылығына тиесілі жерлерді елді мекенге ауыстыру жөнінде жуық арада орман шаруашылығы қорынан «Тасарық», «Сарбұлақ», «Ажар» елді мекендеріндегі бірқатар жер учаскелерін елді мекен санатына кіргізу жөнінде қаулы шығатынын айтты. Ал, «Бозкөл-Тасарық» бағытындағы автомобиль жолын асфальттау бойынша алдағы уақытта жобасметалық құжаттары қайта әзірлеуге жұмыс істелетінін, алайда, бірінші кезекте аудандағы ең ауқымды «Қарлаң» көпірі сынды жобаларды аяқтауға басымдық берілетіндігін жеткізді.

Аудан әкімі жиын барысында Президентіміздің бастамасымен елдегі орын алып жатқан оң өзгерістер, реформалар, 1 шілде де ресми күшіне енетін Жалпыұлттық референдумда қабылданған жаңа Ата заң жайында сөз қозғап, елдегі жасалып жатқан игі жұмыстарға, елдік істерге ауызбіршіліктің үлгісін көрсетіп, қолдау көрсетуге шақырды. Тұрғындармен өткен кездесулерден кейін аудан әкімі жеке мәселелері бойынша жүгінген тұрғындармен қабылдау өткізіп, ұсыныс-пікірлеріне құлақ түрді.

Қазалы ауданы әкімінің баспасөз қызметі



Кездесулерде елді мекендердің тұрғындары тарапынан да бірқатар өзекті мәселелер көтерілді. Мәселен, «кәукейліктер» ауылға келер жолдағы «Әйте» көпірін жөндеуді сұраса, «Тасарық» пен «Лақалы» елді мекендерінің тұрғындары елді мекен жерінің біршама бөлігі орман шаруашылығы мекемесіне тиесілі екенін және «Бозкөл-Тасарық» бағытындағы 35 шақырым жолды асфальттау жұмыстарын қолға алуды сұрады. Аудан басшы-

МӘЖІЛІСТЕ ТУРИЗМ САЛАСЫН ДАМУ МӘСЕЛЕСІ ҚАРАЛДЫ

Облыс әкімі Мұрат Ергешбаевтың төрағалығымен туризм саласын дамыту мәселесіне қатысты мәжіліс өтті. Мәжіліске аудан әкімі Алмасбек Есмаханов селекторлық режим арқылы қатысты.

Мәжілістен кейін аудан басшысы облыс әкімінің берген тапсырмаларына сәйкес аппарат мәжілісін өткізіп, жауапты сала басшыларына нақты тапсырмалар жүктеді.

Жиында Мемлекет басшысының туризмді экономиканың жаңа драйверлерінің бірі ретінде дамыту жөніндегі тапсырмасына сәйкес, ауданның туристік әлеуетін тиімді пайдалану, тарихи-мәдени мұраларды насихаттау, туристік маршруттар әзірлеу және цифрлық платформалар арқылы өңірдің туристік мүмкіндіктерін кеңінен таныту мәселелері талқыланды.

Осы ретте аудан әкімі аудандық дене тәрбиесі, спорт және туризм бөліміне аудан аумағындағы тарихи-мәдени ескерткіштер мен киелі орындарды жүйелеп, арнайы туристік бағыттар әзірлеу, ал кәсіпкерлік және өнеркәсіп бөліміне туристік қызмет көрсету саласындағы



кәсіпкерлерді қолдау, қонақ үйлер, демалыс орындары мен этнотуризм жобаларын дамыту бойынша нақты ұсыныстар енгізу жөнінде тапсырмалар берді. Ұлттық құндылықтарды дәріптейтін мәдени-көпшілік іс-шаралар мен фестивальдерді тұрақты ұйымдастырудың маңыздылығын атап өтіп, салаға жауапты орынбасарға ауданның туристік әлеуетін дамыту жөніндегі кешенді жоспар әзірлеуді тапсырды.

Күн тәртібіндегі екінші мәселе – көктемгі мерзімді әскери қызметке шақыру науқанының орындалу барысы болды. Бүгінгі күнге дейін аудан бойынша көктемгі мерзімді әскери

қызметке шақыру бойынша берілген тапсырыс 73 пайызға орындалып отыр. Бірқатар ауылдық округтер жоспарды толық орындаса, кейбір елді мекендерде көрсеткіш төмен деңгейде қалып отыр.

Аудан әкімі жауапты сала басшылары мен ауылдық округ әкімдеріне әскери қызметке шақыру жұмыстарын күшейтіп, белгіленген тапсырманың толық орындалуын қамтамасыз етуді тапсырды. Медициналық комиссия жұмысының сапалы ұйымдастырылуы, азаматтардың денсаулық жағдайына объективті қортынды берілуі және әскери қызметтен жалтарып жүрген

азаматтарға қатысты заң талаптарына сәйкес шараларды күшейту қажеттігін айтты.

Мәжілісте қоғамдық-саяси ахуалдың тұрақтылығын сақтау мәселесі де кеңінен қаралды. Тұрғындардың өзекті мәселелеріне жедел әрекет ету, әлеуметтік желілердегі өтініштер мен сын-пікірлерге уақытылы жауап беру, ақпараттық-түсіндіру жұмыстарын жүйелі жүргізу бойынша жауаптыларға нақты тапсырмалар берілді.

Мәжілісте аудан бюджетінің кіріс бөлігін ұлғайту, салық базасын кеңейту, тіркелмеген кәсіпкерлік субъектілерін заңдастыру және берешектерді өндіру мәселелері де қаралды. Аудан басшысы жауапты мекемелерге қосымша кіріс резервтерін анықтап, жұмысты күшейтуді тапсырды.

Жиын соңында аудан әкімі ауданның санитарлық тазалығы мен абаттандыру жұмыстарын сынға алды. Әйтеке би кенті, Қазалы қаласы және ауылдық округтердегі анықталған кемшіліктерді атап көрсетіп, кемшіліктерді қысқа мерзім ішінде қалпына келтіру жөнінде нақты тапсырмалар берді.

Қазалы ауданы әкімінің баспасөз қызметі

ӨЗ ҚҰҚЫҒЫҢЫЗДЫ ҚАЛАЙ ҚОРҒАУҒА БОЛАДЫ

Қазақстан Республикасы Сауда және интеграция министрлігінің Қызылорда облысы бойынша сауда және тұтынушылардың құқықтарын қорғау департаменті тұтынушылардың сатып алынған тауарды, жұмысты және қызметті қайтару немесе айырбастау бойынша құқықтары туралы назарына жеткізеді.

Тұтынушы ретінде өз құқықтарыңызды қорғауға көмектесетін негізгі ұсыныстар мен қадамдар төменде келтірілген:

1. Негізгі құқықтарыңызды біліңіз

• Ақпарат алу құқығы: Тұтынушы тауар (жұмыс, қызмет), сондай-ақ сатушы (дайындаушы, орындаушы) туралы толық, анық және уақтылы ақпаратты қазақ және орыс тілдерінде алуға құқылы.

• Қауіпсіздік құқығы: Тауар (жұмыс, қызмет) тұтынушының өміріне, денсаулығына, мүлкіне және қоршаған ортаға қауіпсіз болуы тиіс.

• Тиісті сапа құқығы: Тұтынушы тиісті сападағы тауарды (жұмысты, қызметті) сатып алуға құқылы.

• Еркін таңдау құқығы: Шарт жасасуға мәжбүрлеуге жол берілмейді.

• Тауарды айырбастау немесе қайтару құқығы: Тұтынушы тиісті және тиісті емес сападағы тауарды айырбастауға немесе қайтаруға құқылы.

• Шығынды өтеу құқығы: Тұтынушы тауардың (жұмыстың, қызметтің) кемшіліктері салдарынан оның өміріне, денсаулығына және (немесе) мүлкіне келтірілген зиянның (шығынның) толық көлемде өтелуіне құқылы.

• Құжаттарды алу құқығы: Тұтынушы сатушыдан (дайындаушыдан, орындаушыдан) тауар-

ды сатып алу (жұмысты орындау, қызмет көрсету) фактісін растайтын құжатты немесе шартты алуға құқылы.

2. Құжаттарды сақтаңыз

• Әрқашан талап етіңіз және сақтаңыз: кассалық және тауарлық чектерді, түбіртектерді, жүкқұжаттарды, кепілдік талондарын, шарттарды және сатып алу немесе қызметке тапсырыс беру фактісін растайтын басқа да құжаттарды. Бұл дау туындаған жағдайдағы сіздің негізгі дәлеліңіз.

3. Сапасыз тауарды сатып алған кездегі (немесе қызмет тиісті деңгейде көрсетілмеген кездегі) әрекеттер

Егер сізге тиісті емес сападағы тауар сатылса (және оның кемшіліктерін сатушы алдын ала ескертпесе), сіз ҚР Заңына сәйкес өз қалауыңыз бойынша мыналарды талап етуге құқылысыз:

• Сатып алу бағасын үйлесімді түрде азайтуды.

• Тауардың кемшіліктерін өтеусіз жоюды (жөндеу).

• Тауардың кемшіліктерін жоюға жұмсалған шығындарын өтеуді.

• Осыған ұқсас маркалы (модельді, артикулды) тауарға ауыстыруды.

• Сатып алу бағасын тиісті түрде қайта есептей отырып, басқа маркалы (модельді, артикулды) сондай тауарға ауыстыруды.

• Шартты бұзуды және тауар үшін төленген ақша сомасын қайтаруды.

Қазақстан Республикасы Сауда және интеграция министрлігінің Қызылорда облысы бойынша сауда және тұтынушылардың құқықтарын қорғау департаменті

КАК ЗАЩИТИТЬ СВОИ ПРАВА

Департамент торговли и защиты прав потребителей Министрства торговли и интеграции Республики Казахстан по Кызылординской области доводит до внимания потребителей их права относительно возврата или обмена приобретенного товара, работы и услуги.

Вот ключевые рекомендации и шаги, которые помогут вам защитить свои права как потребителя:

1. Зная свои основные права.

• Право на информацию: Потребитель имеет право на получение полной, достоверной и своевременной информации о товаре (работе, услуге), а также о продавце (изготовителе, исполнителе) на казахском и русском языках.

• Право на безопасность: Товар (работа, услуга) должен быть безопасным для жизни, здоровья, имущества потребителя и окружающей среды.

• Право на надлежащее качество: Потребитель имеет право на приобретение товара (работы, услуги) надлежащего качества.

• Право на свободный выбор: Не допускается принуждение к заключению договора.

• Право на обмен или возврат товара: Потребитель имеет право на обмен или возврат товара как надлежащего, так и ненадлежащего качества;

• Право на возмещение убытков: Потребитель имеет право на возмещение в полном объеме убытков (вреда), причиненных их жизни, здоровью и (или) имуществу вследствие недостатков товара (работы, услуги);

услуги);

• Право на получение документов: Потребитель имеет право на получение у продавца (изготовителя, исполнителя) документа, подтверждающего факт приобретения товара (выполнения работы, оказания услуги), или договора, заключенного при приобретении товара (выполнении работы, оказании услуги);

2. Сохраняйте документы. • Всегда требуйте и сохраняйте: кассовые и товарные чеки, квитанции, накладные, гарантийные талоны, договоры и другие документы, подтверждающие факт покупки или заказа услуги. Это ваше основное доказательство в случае возникновения спора.

3. Действия при покупке некачественного товара (или ненадлежащем оказании услуги)

Если вам продан товар ненадлежащего качества (и его недостатки не были оговорены продавцом), вы вправе по своему выбору потребовать (согласно Закону РК):

• Соразмерного уменьшения покупной цены.

• Безвозмездного устранения недостатков товара (ремонт).

• Возмещения своих расходов на устранение недостатков товара.

• Замены на товар аналогичной марки (модели, артикула).

• Замены на такой же товар другой марки (модели, артикула) с соответствующим перерасчетом покупной цены.

• Расторжения договора и возврата уплаченной за товар денежной суммы.

САЙЛАУШЫЛАР НАЗАРЫНА!

Қазалы ауданының аумақтық сайлау комиссиясының 2026 жылғы 3 маусымдағы «Қазалы ауданы, Бозкөл ауылдық округі әкімінің сайлауын тағайындау туралы» №АСК-47/728 санды қаулысы негізінде Қазалы ауданы, Бозкөл ауылдық округі бойынша сайлау учаскесінің орналасқан мекен-жайы мен шекаралары туралы төмендегідей мәліметтер беріледі.

Мемлекеттік тіркеу № 225763
2026 жылғы 2 маусым

2026 жылғы 21 мамыр

№3

Сайлау учаскелерін құру туралы

«Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» 1995 жылғы

28 қыркүйектегі Қазақстан Республикасының Конституциялық Заңының 23-бабына және «Құқықтық актілер туралы» 2016 жылғы 6 сәуірдегі Қазақстан Республикасы Заңының 27-бабына сәйкес **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Осы шешімнің 1-қосымшасына сәйкес Қазалы ауданы бойынша сайлау учаскелері құрылсын.

2. Осы шешімнің 2-қосымшасына сәйкес тізбе бойынша Қазалы ауданы әкімінің кейбір шешімдерінің күші жойылды деп танылсын.

3. Осы шешімнің орындалуын бақылау «Қазалы ауданы әкімінің аппараты» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің басшысы Р.Тілепке жүктелсін.

4. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазалы ауданының әкімі
«КЕЛІСІЛДІ»

А. Есмаханов

Қазалы ауданының аумақтық сайлау комиссиясымен
21.05.2026 жыл

Қазалы ауданы әкімінің
2026 жылғы 21 мамырдағы
№ 3 шешіміне 1-қосымша

Қазалы ауданы бойынша сайлау учаскелері

№	Сайлау учаскесінің нөмірі және мекен-жайы	Шекаралары
	№75 сайлау учаскесі «Бозкөл ауылдық округі әкімі аппаратының «Бозкөл ауылдық мәдениет Үйі» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны, Қазалы ауданы, Бозкөл ауылдық округі, Бозкөл ауылы, Қожали Өтепбергенов көшесі №25	Бозкөл ауылдық округінің Бозкөл ауылы.

ВНИМАНИЮ ИЗБИРАТЕЛЕЙ!

На основании постановления территориальной избирательной комиссии Казалинского района от 3 июня 2026 года №АСК-47/728 «О назначении выбора акима сельского округа Бозколь Казалинского района» предоставляются следующие сведения о местонахождении и границах избирательного участка по сельскому округу Бозколь Казалинского района.

Гос. регистр № 225763
2 июня 2026 года

№3

от 21 мая 2026 года

Об образовании избирательных участков

В соответствии со статьей 23 Конституционного Закона Республики Казахстан от 28 сентября 1995 года «О выборах в Республике Казахстан» и статьей 27 Закона Республики Казахстан от 6 апреля 2016 года

«О правовых актах» РЕШИЛ:

1. Образовать избирательные участки по Казалинскому району согласно приложению 1 к настоящему решению.

2. Признать утратившими силу некоторые решения акима Казалинского района по перечню согласно приложению 2 к настоящему решению.

3. Контроль за исполнением настоящего решения возложить на руководителя коммунального государственного учреждения «Аппарат акима Казалинского района» Р.Тлеп.

4. Настоящее решение вводится в действие со дня первого официального опубликования.

Аким

Казалинского района
«СОГЛАСОВАНО»

А. Есмаханов

Территориальной избирательной комиссией Казалинского района
21.05.2026 год

Приложение 1 к решению
акима Казалинского района от
21 мая 2026 года №3

Избирательные участки по Казалинскому району

№	Номер и адрес избирательного участка	Границы
	Избирательный участок №75 Государственное коммунальное казенное предприятие «Сельский дом культуры Бозколь» аппарата акима сельского округа Бозколь», Казалинский район, сельский округ Бозколь, село Бозколь, улица Кожали Отепбергенова №25	село Бозколь сельского округа Бозколь.

● Хабарландыру

Қазалы ауданы бойынша
Мемлекеттік кірістер басқармасының
2026 жылғы 08 маусымдағы
№32-ө бұйрығына қосымша

2026 жылдың II - жартыжылдығына Қазалы ауданы бойынша Мемлекеттік кірістер басқармасы басшылығының жеке тұлғаларды және заңды тұлғалардың өкілдерін жеке қабылдау кестесі

Тегі, аты, әкесінің аты	Лауазымы	Азаматтарды қабылдау күнімен уақыты	Қабылдау жүргізу орны	Байланыс телефоны
Кайрбаев Абай Аргынович	Қазалы ауданы бойынша Мемлекеттік кірістер басқармасының басшысы	Әр аптаның бейсенбі күні сағат 14:30-дан 18:00-дейін	Қазалы ауданы, Әйтеке би кенті, Қ.Пірімов көшесі, №3 Каб №1	+7 (72438) 21-3-28

*** Қабылдауға жазылу +7 (72438) 21-3-28, +7 (72438) 22-4-82 телефондары және ugd.kazalinsk@kgd.gov.kz электронды поштасына жүгіну арқылы жүргізіледі.**

Приложение к приказу Управления
государственных доходов по Казалинскому
району от 08 июня 2026 года №32-ө

График приема физических лиц и представителей юридических лиц руководством Управления государственных доходов по Казалинскому району на II - полугодие 2026 года

Ф.И.О.	Должность	Дата и время приема граждан	Место приема государственного органа	Контактный телефон
Кайрбаев Абай Аргынович	Руководитель Управления государственных доходов по Казалинскому району	Еженедельно по четвергам с 14:30 по 18:00 часов	р. Казалинск, кент Әйтеке би, ул. К.Примова, №3, Каб №1	+7 (72438) 21-3-28

*** Запись на прием осуществляется по телефонам: +7 (72438) 21-3-28, +7 (72438) 22-4-82 и через электронную почту: ugd.kazalinsk@kgd.gov.kz**

КОНГО-ҚЫРЫМ ГЕМОРАГИЯЛЫҚ ҚЫЗБАСЫ ТУРАЛЫ

Конго - Қырым геморагиялық қызбасы (Конго-Қырым геморагиялық қызбасы, ортаазиялық геморагиялық қызбасы) - адамның вирустық табиғи-ошақты ауруы, оның қоздырғышы кене болып табылады. Ол күрт басталуымен, дене температурасының екі толқындық көтерілуімен, жалпы интоксикациямен және геморагиялық синдромымен (қан ағу жоғарылайды) сипатталады.

Конго - Қырым геморагиялық қызбасы ауруының негізгі клиникалық белгілері: инкубациялық кезең (ауру қоздырғышын жұқтырғаннан - аурудың алғашқы белгілерінің пайда болуына дейінгі мерзім) 1-14 күнге дейін созылады, бұл кезеңнің ұзақтығы вирусты жұқтыру жолына байланысты болады.

Аурудың алғашқы белгілері дене қызуының кенеттен 39-40 °C дейін көтерілуімен, қатты бас ауруымен, көздің қызаруы, бет, мойын және дененің жоғарғы бөлігінің қан кернеуімен және мойын, арқа, белдің ауыруымен, лоқсу немесе құсу, іш ауыруы немесе өтуі, ал ауру одан әрі дамыған жағдайда денеде бөртпелердің пайда болуы,



мұрыннан, қызыл иектен, жатырдан, асқазаннан қан кету белгілері, ине енгізу орындарында қанталау (гематомалар) белгілерінің байқалуымен сипатталады.

Конго - Қырым геморагиялық қызбасы қалай жұғады?

Негізгі жұқтырушы және ауру қоздырғыштарын тасымалдаушы кене болып табылады. Кененің шағуы - адамды қауіпті ауруларға және көп жағдайда өлімге апаруы мүмкін. Кене үйге гүл шоғымен де, иттің жүніне ілесіп те келеді. Кененің қауіптілігі сонда, олар адамның киімінің астарына байқатпайда кіріп, денесіне қадалып алып

сорғанда мүлде ауырмайды. Көп жағдайда адам кенені келесі күні немесе тіпті одан да кейін байқауы мүмкін.

Конго - Қырым геморагиялық қызбасы ауруының алдын - алу :

Аурудың алдын - алу үшін табиғи ошақ аумағында орналасқан елді мекендердегі жануарларды, қора - жайлар мен үй жайларының аумағын кенеге қарсы залалсыздандыру қажет. Табиғи ошақтарда орналасқан тұрғындар малдарды күтіп қарағанда және қыркым кезінде кенелердің шабуылынан және кене қанымен жанасты болдырмау мақсатында жеке қорғану үшін арнайы киім

кию қажет (қалпақты комбинезон, шалбардың балағын шұлықтың ішіне салу, жақсы қорғалған аяқ және бас киім, резеңке қолғап).

Табиғатқа демалысқа шыққанда кененің жабысқаны көрінетін ашық түсті жақсы қорғалған резеңкелі манжетті жеңі ұзын көйлек кию қажет. Денеге кененің жабысқанын тексеру үшін өзіңіз және өзіңізге байқалмайтын орындарды (мойын, бастың шаш бөлігі, дененің артқы жағы тағы басқа) бір-біріңіздің үстериңізді қарап отыру қажет. Дененің ашық жерлеріне және киімге кенелердің шабуылынан қорғайтын немесе оны өлтіретін арнайы сақтану құралдарын қолдану қажет. Еш уақытта кенені қолмен езбеңіздер!

Бұл кезде ауру жұқтырып алу қаупі бар.

Ең абзалы, мейлінше сақтанып, кене шаққан жағдайда уақыт өткізбей дәрігерге көрініңіз!

**Инабат ҚОНЫСБАЕВА,
ҚР ДСМ СЭБК «Ұлттық
сараптама орталығы»
ШЖҚ РМК**

**Қызылорда облысы
бойынша филиалының
Қазалы аудандық
бөлімшесінің
зертханашысы**

СУ АЙДЫНДАРЫНДА ҚАУІПСІЗДІК ЕРЕЖЕЛЕРІН САҚТАЙЫҚ

Су - тіршілік көзі, ол болмаса адамзаттың өмір сүруі мүмкін емес. Сонымен қатар, ата - бабаларымыздың от пен су - тілсіз жау деген ескертулерін есімізден шығармауымыз керек. Қазалы ауданы Төтенше жағдайлар бөлімдерімен жергілікті жерлерде судағы қауіпсіздікті сақтау, арнайы суға түсуге белгіленбеген орындарда суға түспеу, ата-аналардың жаз маусымында балаларын қадағалаусыз қалдырмау жөніндегі жүргізіліп жатқан ескертпе, үгіт-насихат жұмыстары жүргізіліп жатқанымен облыс, республика бойынша жыл сайынғы көрсеткіштерге қарасақ адамдардың жазғы суға түсу маусымында қаза болу оқиғалары азаяр емес.

Егерде суға шомылуға барсаңыздар төмендегі



қауіпсіздік ережелерін есте ұстаңыздар:

- суға ауаның температурасы 25, судың температурасы 20 градус болғанда ғана шомыл;
- текарнайы жағажайларда ғана шомыл;

- суға жайлап түс, таяздау жерге барғанда тоқтап, басыңды суға сүңгітіп ал;
- судан әлсін - әлсін шығып демал;
- қалтырап тоңғанша суда жүріп алма;
- қол - аяқ тырысқанда

үрейленбей, су бетінде болуға тырыс, айқайлап көмек сұра;

- судың қатты ағынына тап болғанда, ағынға қарсы жүзбей, ағыс бойынша малып жағаға қарай жүзуге тырыс;

- су иіріміне тап болғанда, саспай ауаны ішке көбірек жұтып алып, суға сүңгі де ағын бағытына қарай қатты секіріп, судың бетіне шық;

- арақ - шарап ішіп, суға түсуге қатаң тыйым салынады;

- егер шаршасаң дереу судан шық;

- бейтаныс жерден суға секірме;

- терлеп тұрғанда және қараңғы уақытта суға шомылуға болмайды;

- суға шомылғанда автокамераны, допты, тақтайларды пайдалануға болмайды.

**Қазалы ауданының
Төтенше жағдайлар бөлімі**

Меншік иесі: «ТҮРАН-ҚАЗАЛЫ»
жауапкершілігі шектеулі серіктестігі.

ДИРЕКТОР
Нұрбол ӘЛМӘМБЕТОВ

БАС РЕДАКТОР
Раушанбек СЕЙТЕНОВ

Газет Қазақстан
Республикасының Ақпарат
Министрлігінде 2004 жылғы
15 наурызда тіркеліп, №4801-г
куәлігі берілген

Газет аптасына екі рет: сәрсенбі және сенбі күндері шығады.
Газет «Тұран-Қазалы» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің баспаханасында компьютермен теріліп, беттеліп, офсеттік тәсілмен басылды.
Редакция мен баспахананың мекен-жайы: 120400, Қызылорда облысы, Қазалы ауданы, Әйтеке би кенті, Қ.Пірімов көшесі, №14 үй.
Телефондар: директор - 2-17-49, бас редактор - 2-47-77, факс 8 (724-38)2-17-49.
Тарату аумағы: Қызылорда облысы.
Газет табыс етілмесе, 2-13-91 телефонына хабарласуға болады.
Жариялымдар газеттің түпкілікті көзқарасын білдірмейді. Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.

E-MAIL: tooturankazaly@bk.ru

Таралымы 11507 дана.